

## Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 19 ақпандағы N 303 өкіміне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 17 қыркүйектегі N 156 Өкімі

Қазақстан Республикасы Президенті  
мен Үкіметі актілерінің жинағында  
жариялануға тиіс

"Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Құқықтық саясат жөніндегі кеңес құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 19 ақпандағы N 303 өкіміне (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2002 ж., N 6, 44-құжат; N 39, 396-құжат; 2003 ж., N 18, 180-құжат; 2004 ж., N 4, 50-құжат; N 51, 671-құжат; 2005 ж., N 44, 578-құжат; 2006 ж., N 7, 51-құжат; 2007 ж., N 5, 62-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

аталған өкіммен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Құқықтық саясат жөніндегі кеңестің дербес құрамына мыналар енгізілсін:

Баймағанбетов Серік Нұртайұлы - Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің төрағасы,

Бычкова Светлана Федоровна - Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты;

мына жолдар:

"Жолдасбаева - Қазақстан Республикасы Парламенті Нұрлығайым Шалданқызы Сенатының депутаты",

"Жұмабаев - Қазақстан Республикасы Парламенті Ермек Жианшаұлы Сенатының Заңдар және сот-құқықтық реформа жөніндегі комитетінің

төрағасы"

тиісінше мынадай редакцияда жазылсын:

"Жолдасбаева - Қазақстан Республикасы Парламенті Нұрлығайым Шалданқызы Сенатының Экономикалық және өңірлік саясат комитетінің төрағасы",

"Жұмабаев - Қазақстан Республикасы Парламенті Ермек Жианшаұлы Сенатының Заңнама және құқықтық мәселелер комитетінің төрағасы";

аталған Кеңестің құрамынан С.М.Жалыбин, С.В.Киселев, А.А.Матюхин шығарылсын.

